

## Қалмақ тұқымының ерекшелігі

Елімізде етті ірі қара мал шаруашылығы қарқынды дамып келеді. Соның ішінде қалмақ тұқымы да қатар өсірілуде. Қалмақ тұқымы-әлемдегі ең көне ірі қара мал тұқымдарының бірі. Ол Ресей және біздің елімізде 400 жыл бұрын Қытайдың батыс бөлігінен Еділдің төменгі ағысына қоныс аударған қалмақ тайпаларымен бірге пайда болды.

Қалмақ малының ерекшеліктерінің бірі жыл бойы жайылымдық жағдайда қалыптасуы. Бұл малды бағып күту және өсіру шарттары оның жоғары төзімділігі мен дене бітімінің беріктігіне ықпал етті. Сонымен бірге бұл тұқым малының ұзақ уақыт бойы шаруашылықтық пайдалы қасиеттерді қалыптастыру мен сақтаудың жетекші факторы - табиғи сұрыптау болды.

Қалмақ тұқымының бірқатар құнды технологиялық белгілері бар, мысалы: жеңіл төлдегіштігі, емізу кезеңінде бұзаулардың салыстырмалы түрде шығынының төмендігі және қысқа маусымдық ұрықтандыру кезеңінде ұрықтану көрсеткішінің жоғарылығы.




Жайылым маусымы кезінде сиырлар 50-60 кг-ға дейін ішкі май жинай алады және қыста мал азығы жетіспесе, оны өмір сүру үшін пайдаланады. Сонымен қатар, жануарлар тері астындағы майды тұрақты сақтайды, ол қалың қылмен бірге қорғаныс қызметін атқарады, қыста және қолайсыз ауа-райында жылу шығынын азайтады. Әлемдегі белгілі тұқымдардың ешқайсысы мұндай қасиеттерге ие емес.

Қалмақ малы әрқашан ет алу үшін өсіріліп, құнды биологиялық және шаруашылықтық қасиеттерге: жоғары ет өнімділігі, тез өсіп жетілгіштігі, құрғақ дала жағдайларына ерекше бейімділігі мен тез бордақылану қабілеттілігіне ие болды. Бұл қасиеттер әрдайым мамандарды, соның ішінде шетелдік мамандарды да қызықтырды. Қалмақ малының еті әлемдік стандарттардың талаптарына жауап береді: ол жұқа талшықты және жоғары энергиялық және биологиялық құндылыққа ие.

Жақсы азықтандыру кезінде қалмақ тұқымының бұқашықтары ет сапасы жағынан импортталған ет тұқымынан кем түспейді. Бір жасында олар тірі салмағы 303 - 315 кг, 15 айлық жаста-380-390 кг және 17-18 айлық жаста - 420-

530 кг жетеді. Бұл жаста бұқашықтардың ұшасының салмағы 242 кг жетіп, сойыс шығымы 58-60% құрайды.



Қалмақ тұқымының сиырлар жақсы көбею қабілеттілігімен сипатталады, төлдегеннен кейін олардың тез күйлеп, ұрықтануға дайын болады және жеңіл төлдейді. Республиканың көптеген алдыңғы қатарлы ірі қара малы бар шаруа қожалықтарында әрбір 100 сиыр мен құнажыннан 75-90 бұзау алады.

Елімізде өсірілетін ет бағытындағы тұқымдардың ішінде 90-шы жылдары қалмақ тұқымы саны жағынан қазақтың ақбас тұқымынан кейін екінші орынды иеленді. Сол кездегі қалмақ тұқымының негізгі өсіру аймағы Ресейдің оңтүстік-шығысы - Төменгі Еділ облысы және Солтүстік Кавказ болды. Қалмақ малының көп бөлігі Қалмақ елі мен Ростов облысында шоғырланған. Қазіргі уақытта қалмақ малы Қазақстанда да өсірілуде (40 000 бастан астам).

Мұның бәрі қалмақ тұқымын ерекше деп санауға, оның төзімділігіне, берік дене бітіміне, өміршеңдігіне, ұзақ өмір сүруіне, жақсы ет өнімділігіне және күрт континенталды климатқа бейімділігіне негіз береді.

*А.ш.ғ.к., доцент Н.Ж. Қажғалиев*